

Республика күні құтты болсын!



Құрметті әріптестер!

25 қазан – еліміз үшін елеулі күндердің бірі. Дәл осы күні 1990 жылы Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл мемлекеттің тәуелсіздік алуына деген алғашқы қадам еді.

Қазақстан ғасырлық дәстүрлерді сақтай отырып, ел өмірінің барлық салаларының табысты дамуы арқылы ерекшеленеді. Өзара құрмет пен келісім мемлекетіміздің тұрғындарына ең қиын жоспарларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Біздің ұжым үшін Республика күні-ең маңызды мерекелердің қатарында. Осы жылдар ішінде көп нәрсе жүзеге асырылды, бірақ алда біздің еліміздің дамуы үшін де, әрқайсымыздың әл – ауқатымыз үшін де бірігіп жүзеге асыратын жоспарлар көп. Барлық бастамаларымыз нәтижелі, ал болашағымыз жарқын болсын.

Зауыттың барлық қызметкерлерін Республика күнімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, амандық, еңбекте табыс және Қазақстанның игілігі үшін атқарып отырған қызметтеріңіздің жемісін тілеймін!

«АМӨЗ» Бас директоры Мұрат ДОСМҰРАТОВ

Уважаемые коллеги!

25 октября для нашей страны – важнейшая дата. Именно в этот день в 1990 году была принята декларация о суверенитете Казахстана. Это был первый шаг к независимости государства.

Казахстан уникален: сохраняя вековые традиции, мы успешно развиваем все сферы жизни нашей страны. Взаимное уважение и согласие помогают жителям нашего государства в осуществлении самых амбициозных планов.

Для нашего коллектива День Республики один из наиболее значимых праздников. Многие за прошедшие годы реализовано, но впереди еще больше задач, которые нам предстоит выполнить вместе – и для развития нашей страны, и для благополучия каждого из нас. Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее – стабильным.

Поздравляю всех сотрудников завода с Днем Республики. Желаю вам крепкого здоровья, благополучия, трудовых свершений и плодотворной работы на благо Казахстана!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Мурат ДОСМҰРАТОВ

Қарттарым -
асыл қазынам



Наши в Омске

Сынақтан сүрінбей өткендерге – сыйақы

Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының қағидаттарының бірі жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы, сондай-ақ қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету болып табылады.

Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, насихаттау, оның орындалуы – әрбір кәсіпорынның міндеті.

Осы ретте зауытта, өндірістік бөлімшелерде, жұмысшылар арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәдениетін арттыру, насихаттау кең өріс алған.

Осы мақсатта «АМӨЗ» ЖШС-і кәсіподақ ұйымы, кәсіподақ жанындағы өндірістік кеңесі мен Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі бірлесе отырып, 2023 жылдың 4 қазанында «Кәсіподақтар» күніне орайластырған байқау өткізді.

Байқаудың шарттары: қондырғының санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру, жұмыс орындарындағы жұмысшылардың техника және еңбекті қорғау талаптарының сақталуы, орындалуы, техника қауіпсіздігі туралы стөндтердің болуы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері бойынша жұмысшылардың арасында ерікті



тестілеу. Тестілеу сұрағына ЭЛОУ-АТ-2, КөК, «ОЗЛ» СО, ЖжЭЭӨ, БДГ ҚҚ, МТҚ, БТҚ, МӨӨЖТ диспетчерлік пункті өндіріс бөлімшелерінің 45 қызметкері қатысты.

Тест сұрақтарының қорытындысын қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің инженер мамандары тексеріп, нәтижелері шығарылды.

Өткізілген тестілеу нәтижелері мен өндіріс бойынша жеңімпаздар анықталып,

дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды. 1 орын – 74 ұпаймен СО «ОЗЛ»; 2 орын – 58 ұпаймен МӨЖТКӨ; 3 орын – 32 ұпаймен ТҚЖӨКЦ.

Тестілеу кезінде белсенділік көрсеткен қызметкерлер де қосымша ақшалай сыйлықпен марапатталды.

«АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымының мүшесі Ж. Төлеуов

ӘЛЕУМЕТ

Қарттарым – асыл қазынам

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп дана халқымыз айтып кеткендей, қай ортада болмасын үлкенге құрмет көрсететіні хақ. 75 жылдан астам тарихы бар Атырау мұнай өңдеу зауыты да ардагерлерін ардақтайды, қарттарына құрмет көрсетіп келеді. 1 қазан қарттар күніне орай Атырау мұнай өңдеу зауытының кәсіподақ ұйымы мен кәсіпорынның жас мамандар кеңесі тиісінше айтулы мерекені елеусіз қалдырмады. Кәсіподақ ұйымы зейнеткерлер арасында шахмат және дойбы ойындары бойынша турнир өткізсе, зауыт жастары әлеуметтік әлсіз топтағы 24 ардагерді құттықтап, ақшалай сыйлықтармен қуантты.

Кейбір қарттарымыз көзіне жас алып, көңілдері босап, зауыттың үнемі ұмытпай құттықтап, көңілдерін білдіріп тұратындықтарына ризашылықтарын білдірді. Ал кейбір зейнеткерлер зауыт туралы әдемі естеліктерімен бөлісіп, қызықты оқиғаларын айтып балаша қуанды.

«Мен зауыттың жөндеу механикалық цехында 45 жыл бригадир болып қызмет атқардым. Жұмысымды қатты жақсы көргенім соншалық, өзімді басқа орында елестете де алмайтын едім. Талай қуанышты да қиыншылықты да бастан

өткердік. Зауытпен бірге есейдік. Талай жөндеу жұмыстарын артта қалдырдық. Кейін зейнетке шығар алдында мені басқа бөлімге ауыстырған болатын. Бірақ, уақыты келгенде кадр қызметкерлері менің лауазымымды айтқанда, жо-жоқ мен жөндеу механикалық цехынан зейнетке кетемін деп жан дауысымның шыққаны бар», – дейді Сайын Калмурзин күлпі.

Жастарымыз қарттармен әңгімелесе отырып, олардың жүріп өткен сан түрлі жолдары мен оқиғаларын тыңдай отырып, өмірге деген көзқарастары да

өзгергендей. Бұл үрдісті жастар үнемі ұйымдастырып тұруға ниетті.

Және де зауытта өткен турнир кезінде де ақсақалдарымыз уақыттарын көңілді өткізді. Балаша қуанған қарттарымыз жүлделі орындарға да ие болды.

1-3 орын алған қатысушылар тиісті дәрежелі дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды!

Дойбы бойынша: 1 орын – **Владимир Жейнов**; 2 орын – **Асан Калибеков**; 3 орын – **Сайын Калмурзин**.

Дойбы бойынша үздік ойыншылар номинациясы: **Аманжан Сегізбаев**; **Абай Имашев**; **Вагиз Киргизбаев**.

Шахмат бойынша: 1 орын – **Ахмеджан Иманғалиев**; 2 орын – **Владимир Пашкин**; 3 орын – **Михаил Огай**.

Шахмат бойынша үздік ойыншылар номинациясы: **Ғалымжан Касанов**; **Мұрат Калмуратов**; **Ильяс Калмурзиев**.


Кейін зейнеткерлерді көңілді түскі ас күтіп тұрды! Олар да өз кезегінде зауытқа алғыстарын білдірді.



ТАҒАЙЫНДАУЛАР



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі №1518 Бұйрығымен экологиялық омбу́дсмен болып **Шахназарян Артур Сейранович** тағайындалды.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 9 қазандағы №597-к Бұйрығымен Бас директордың инвестициялық жобалар жөніндегі орынбасары болып **Хакимов Наиль Назимович** тағайындалды.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 9 қазандағы №598-к Бұйрығымен зауыт басқармасының өндіріс департаментінің директоры болып **Раукен Қанат Қабдоллаұлы** тағайындалды.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 9 қазандағы №599-к Бұйрығымен зауыт басқармасының бас технология болып **Уртамбаев Азамат Мажитұлы** тағайындалды.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 9 қазандағы №600-к Бұйрығымен зауыт басқармасының өндірістік жедел басқару бөлімінің бастығы болып **Джардемөв Бауыржан Серікұлы** тағайындалды.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 9 қазандағы №601-к Бұйрығымен зауыт басқармасының бас технологияның орынбасары болып **Русаев Тимур Рашитович** тағайындалды.

ӨНЕР АДАМЫ

Жаңа айдарымыздың шымылдығын қоршаған ортаны қорғау бөлімінің экологы Мөлдір Борашеваның әдемі өлең жолдарымен ашпақшымыз.

САҒЫНДЫМ, ӘКЕ ӨЗІңДІ

Жан Әкешім, алып тауым, мен өзіңді сағындым,
«Мөлдірім» деп еркелетіп, әнге қосқан сөздеріңді аңсадым.
Сен кеткелі бұл өмірден, сан ойлармен жасыдым,
Оралар деп жолыңа қарап күтуменен шаршадым.

Пандемия індетінен жол жабылып қапыда,
Көре алмадым өзіңді мен ең соңғы бір сәтінде.
Айтылмаған талай сөздер, сырлар қалған санамда,
Мен оларды мәңгілікке сақтамақпын жадымда.

Білем, сезем бақыт құсы оралмайды ешқашан,
Жүрегімің түкпірінде тұрады бір мұң әрқашан.
Сағыныштан аңсап сені көзіме мен жас алам,
Қалған жерде өзіңе мен дұға тілеп, жыр жазам.

ТУҒАН ЖЕРІМ – ЖЫЛОЙЫМ

Кең Жылойым – туған жерім, құт мекенім,
Сенде туып, бойға қуат жиған жерім.
Қаншама жыл жырақта жүрсем дағы,
Өзіңді ойлап, елеңдеумен күн көшемін.

Жылойым – кіндік қаным тамған жерім,
Ыстық болған көз аштырмас шаңды бөлім.
Өзіме қымбат өзен-көлі, жылғасы да,
Ыстық маған топырағы, жусаны да.

Сендегі қиындыққа шамданамын,
Гүлденіп жайнай берсең нұрланамын.
Өсе берші, өркендеші әр күн санап,
Бата дарып, құт қонып Кең Жылойым!

КӨГАЛДАНДЫРУ

Зауытта жөке ағаштары бой көтерді

Жөке ағашы зат алмасуды жақсартумен қатар, ағзаны залалды заттардан, холестериннен, ауыр металдардан және тұздан тазартады. Сондай-ақ теріні жұмсартып, жарақаттың жылдам жазылуына әсер етеді. Жөке ағашының гүлімен қатар діңінің қабығы, жапырақтары мен дәндері медицинада кеңінен қолданылады. Жөке ағашын құрылыста, жиһаз жасауда, халық шаруашылығы мен медицинада қолданумен қатар, көгалдандыруда да үлкен орын алады.

Осы орайда Атырау мұнай өңдеу зауыты 19 бақылау-өткізу бекетінің жанындағы 0,7 га санитарлы-қорғау аймағында биіктігі 4,5-5 метр болатын 5 дана жөке ағашы (липа) отырғызылды.

Бұл Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орай Астана қаласындағы «ҚазМұнайХим» ЖШС-нің еліміздегі



көптеген мұнай-газ кәсіпорындарына, соның ішінде біздің зауытымызға берген сыйлығы еді.

Көгалдандыру шарасына аталған компанияның агроном маманы мен жауапты тұлғасы келіп, талды егу технологиясын сақтай отырып зауыт өкілдерімен бірлесе егуге атсалысты. «ҚазМұнайХим» ЖШС-ң өкілінің айтуы бойынша, аталған тірі сыйлық өміршеңдік пен өсудің символы ғана емес, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын жүзеге асыру жолындағы жұмыстар екендігін алға тартты.

Жөке ағашы ылғалды топырақта, ашық күн көзінде және алакөлеңкеде де өсе береді. Ол арнайы қырку жұмыстарын қажет етпейді, алайда көктемде артық бұтақтарын қырқып тұрған дұрыс. Жапырағы мол болғандықтан, ауадағы шаңды жақсы тазартады. Гүлдерінің қайнатпасы мен тұнбасы микробтарды жояды. Сонымен қатар аталмыш ағаш түрлі дерттердің емі ретінде қолданылады.

ЗДОРОВЬЕ КОЛЛЕКТИВА

Грипп не пройдёт

В здравпункте «Медикер» продолжается вакцинация против сезонного гриппа.

– С 25 сентября начата прививочная кампания, – говорит специалист по гигиене и санитарии Службы БиОТ Гульфаруз КОНЫРОВА. – В этом году привиться можно препаратом «Гриппол» российского производства. Получить вакцину, как обычно, может любой застрахованный работник завода. Напоминаю, что получить вакцину стоит как можно раньше, чтобы не допустить стремительного распространения ОРВИ.

– Если возникнут вопросы о вакцине, составе, реакции препарата на организм, то мы ответим на все вопросы,

– заверяет врач-терапевт здравпункта «Медикер» Клара СУХАНБЕРДИЕВА.

Ежедневно в день прививаются 20-30 человек.

– Всего в здравпункт поступило 800 доз гриппола. На сегодняшний день уже привито 558 заводчан. Надеемся, что наши коллеги понимают важность сохранения коллективного иммунитета и берегут здоровье своих близких, поэтому ждем сотрудников завода ежедневно с 8.00 до 17.00 на вакцинацию. И не забудьте карточку медицинского страхования, – напоминает К. Суханбердиева.

Сезонная вакцинация продолжается.



«НОВАТОР» басылымы №21.
20 қазан 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстова қ-сі, 27/6
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс №21

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Кажимжанова.
MEDYAGROUP ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
Редакторлар – И.Козонова,
А.Қабдешова.
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық ақпарат
министрлігінде 1992 жылғы
27 мамырда тіркеліп,
тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР